

мақтық инновациялық бағдарламаларды еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңызды шарты ретінде сәтті жүзеге асыруды талап етуде. Шағын агро-бизнес ауыл шаруашылығының ажырамас бөлігіне айналды, оны шаруа (фермер) қожалықтары (шаруа қожалықтары), үй шаруашылықтары және жеке кәсіпкерлер ұсынады.

Өңірлерде ауыл шаруашылығы шағын кәсіпкерлігіне үлкен үміт артылады, өйткені бұл сектор ауыл халқын өз бетінше жұмыспен қамтуда, отбасыларды азық-түлікпен қамтамасыз етуде, қайта өңдеу кәсіпорындарының және басқа да аралас салалардың қызметінде, тұтастай алғанда елдің аграрлық азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Қазіргі нарықтық конъюнктураның жағдайын талдай отырып, агроөнеркәсіптік кешен құрамына кіретін кәсіпорындардың біртұтас экономикасы жоқ деп айтуға болады. Агроөнеркәсіптік кешен жұмысының күрделілігі көптеген мәселелерде туындайтын қиындықтардың негізі саналады, сонымен қатар салааралық қатынастарға да әсер етеді. Бұл мәселе агроөнеркәсіптік кәсіпкерлік субъектілерімен ынтымақтастық орнағанда ғана шешімін табары сөзсіз.

Агроөнеркәсіптік кәсіпкерлікті дамыту және жетілдіру мәселелерінің ғылыми зерттеулері көптеген отандық және шетелдік экономист ғалымдардың еңбектерінде жеткілікті көрініс тапты. Сонымен қатар, көптеген ғылыми тәсілдер әлі де пікірталастық сипатқа ие. Себебі, агроөнеркәсіптік кәсіпкерлікті дамыту бағытын жетілдірудің көптеген мәселелері әлі жеткілікті зерттелмеген. Атап айтқанда, шағын кәсіпкерлік

субъектілеріне жатқызудың нақты өлшемдері жоқ, өңірлік деңгейде шағын кәсіпкерлікті қолдауды ұйымдастыру мен дамытудың жүйелі тәсілі жоқ, нақты өңірлер үшін шаруашылық жүргізудің жаңа жағдайларында шағын кәсіпкерлікті жетілдіру мен дамыту жөніндегі практикалық ұсынымдар әлі де болса жеткіліксіз әзірленген және т.б.

Зерттеу процесінде бастапқы мәліметтер ретінде статистика жөніндегі комитеттің статистикалық ақпараты алынып, ҚР өңірлік агроөнеркәсіптік кәсіпкерлігіне талдамалық шолулар жасалды. Зерттеу барысында синтез және логикалық-жалпылау, салыстырмалы талдау әдістерімен қатар, өңірдің АӨК-ін зерделеудің жүйелік тәсілі қолданылды.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Ұлттық экономикада кәсіпкерлікті дамытудың неғұрлым тиімді, бәсекеге қабілетті басым бағыты – АӨК болып есептеледі, оған ҚР экономикасының шағын және орта бизнесі қатысады.

Қазақстандағы шағын кәсіпкерлік 2018 жылдың басында ЖІӨ-нің 25,6%-ын, ал шағын-орта кәсіпкерліктегі жұмыскерлердің үлесі ұлттық еңбек нарығының 36%-ын құрады. Жалпы алғанда, елімізде кәсіпкерліктің танымалдығы артып келеді, бірақ қызмет қарқыны өте баяу, салыстырсақ ҚР ауқымында кәсіпкерліктің танымалдығы өсуде, алайда еліміздегі кәсіпкерлік белсенділіктің деңгейі орташа әлемдік шамадан екі есе төмен (ЖІӨ-де 63% және 47%-ы жұмыспен қамтылған). Өңірлер арасында шағын және орта кәсіпкерліктің ЖӨӨ-ін қалыптастыруда Астана алдыңғы орында (46%), одан кейінгі орындарды Батыс Қазақстан (40%) және Алматы (29%) облыстары алады (1 сурет) [1].

Доля МСП в ВВП



Доля занятых в МСП



Расчеты Ranking.kz на основе данных Всемирного Банка и КСМНЭ РК

1 сурет – ҚР шағын және орта кәсіпкерліктің даму көрсеткіші

2018 жылдың ортасында (ақпан-наурыз айларында) ҚР-да 800 мың жеке кәсіпкерлік жұмыс жасады, оның шамамен жартысы (47%) қызмет көрсету саласында, бірақ өкінішке орай, жыл соңына қарай олардың саны 15%-ға қысқарды. Азия Даму Банкі атап өткендей, жеке кәсіпкерлікте бір қызметкерге жылдық өндіріс көлемі үш мың долларды құрайды, ал шағын және орта кәсіпорындарда – 27 мың доллар, бұл әріне төмен көрсеткіш [2].

Қазақстан Үкіметі өндіруші өнеркәсіпке негізделетін және мұнай мен минералды шикізаттың бағасына тәуелді шағын және орта бизнестің өсуін ынталандыру және экономиканы әртараптандыру жөніндегі шараларды жүзеге асыруда. Дегенмен, қазіргі уақытта аграрлық саладағы шағын және орта кәсіпкерлік Қазақстан экономикасында әлі де тұрақты позицияға ие емес. Оның бір себебі, тәуелсіздік алғаннан бері әр түрлі реформалар мен дағдарыстары бастан кешіруінде деп білеміз.


Қазіргі уақытта кәсіпкерлік субъектілеріне, әсіресе шағын және орта кәсіпкерлік өкілдеріне өңірлік экономиканы тұрақты дамыту процестерін іске асыруда ерекше мән беріліп, кешенді қалыптасуына зор міндеттер жүктелуде, ал оны шешу тетігі әлеуметтік, экономикалық, институционалдық, сондай-ақ өзге де факторлар мен жағдайлардың алуан түрлі үйлесімімен алдын ала анықталған [3].

АӨК кәсіпкерліктің осы бағытын дамытудың қазіргі сатысында тұжырымдаманы бекіту, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін (ШОКС) дамытуды басқару әдіс-

темесінің сапасын арттыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Осыған байланысты, АӨК саласында ШОКС-і қызметінің нәтижелілігін теориялық-әдіснамалық зерттеуге деген қажеттілік туындап отыр. Бұл ретте, қазіргі заманауи экономика жағдайында оның даму басымдылығына ғана емес, инновациялық технологиялар мен озық материалдық-техникалық базаны барынша оңтайлы қолдануы және жоғары білікті мамандарды тартуға басты назар аударылуда.

Дамыған елдердің ЖІӨ құрылымындағы шағын және орта бизнестің үлесі 50%-ды құрайды, ал біздің елімізде бұл көрсеткіш 20%-дан аспайды. Жұмыспен қамтылғандардың жалпы көлеміндегі ШОК секторында жұмыс істейтін халықтың үлесі бойынша Қазақстанның көрсеткіштері дамыған елдермен салыстырғанда әлдеқайда төмен: соңғы жылдары елімізде бұл көрсеткіш 31% деңгейінде қалды, дамыған елдерде 47%-дан (Канада) 69%-ға дейін (Германия) жоғарылаған [4].

Біздің ойымызша, қазақстандық кәсіпкерліктің даму қарқынының төмендігі оның қалыптасу ерекшеліктерімен, мемлекеттің заңнамалық базасының әлсіз тұстарына байланысты болуы мүмкін. Статистикаға жүгінсек, Қазақстанның ЖІӨ-дегі шағын-орта кәсіпкерлік субъектілерінің (ШОКС) үлесі 26% құраса, Еуропа елдерінде бұл көрсеткіш екі есе жоғары және ШОКС өкілдері барлық еуропалық бизнестің 99% және жұмыс істейтін халықтың жартысын жұмыспен қамтамасыз етеді (2 сурет) [5].



2 сурет – Шағын және орта кәсіпкерліктің ЖІӨ үлесі

Ұлыбританияның аграрлық секторында мал азығын дайындайтын орындарда, тыңайтқыштар өндіретін зауыттарда және өз-

ге де агрөндіріс кешенінде ауыл шаруашылығы техникасын бірлесе пайдалану тәжірибесі жолға қойылған. Швеция, Дания,

Норвегия, Финляндияда ауыл шаруашылығы мен экономиканың басқа да секторлары арасындағы тұрақты байланыстарды басшылыққа ала отырып, сату және қызмет көрсету кәсіпорындары, өңдеулердің кең желісі жұмыс жасайды. Мұндағы жүйе арқылы ауыл шаруашылығы ұжымдары 80%-ға дейін фермерлік өнімдерді өндіреді [6].

Өнімділіктегі ауытқулар ауа райының қолайсыз жағдайларына ғана емес, сонымен қатар егін-терімді жинаудан кейінгі процестерді қоса алғанда, саланың өте төмен технологиялық жабдықталуына байланысты да байқалады. Өнімді ішкі және сыртқы нарыққа өткізу мен қайта өңдеу процестері де жетілдіруді қажет етеді. Мысалы, елде көкөніс пен жеміс шаруашылығының барлық өндірілген өнімінің 2-3% ғана өңделеді. Дегенмен, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеудің айтарлықтай төмен үлесіне қарамастан, Қазақстан дәнді дақылдар мен ұн сияқты кейбір өнім түрлерінен ірі өндірушілер мен экспорттаушылардың қатарына кіреді. Ұн экспорты бойынша еліміз әлемдік нарықта көшбасшы орынға ие.

Ауыл шаруашылығына әр өңірдің климаттық және топырақтық ерекшеліктеріне қарай мамандануы да әсері етеді. Мәселен, солтүстік өңірлер астық өндірісін дәстүрлі түрде дамытып келеді, онда ауыл шаруашылығы ЖӨӨ-нің 15%-дан 25%-на дейін құрайды. Оңтүстік өңірлер күріш, жеміс-жидек және көкөніс өсіруге жақсы маманданған, онда ауыл шаруашылығының үлесі 15%-ға жетеді. Қалған аймақтар негізінен мал шаруашылығымен айналысады, оларда ауыл шаруашылығының үлесі 10%-дан төмен [7].

АӨК-дегі кәсіпкерлік құрылымдардың өндірістік, коммерциялық және қаржылық қызметінің тиімділігі көптеген факторларға байланысты, олардың ішінде мыналарды атап көрсетуге болады: материалдық-техникалық және қаржылық ресурстардың жеткіліктілігі; өнім өндіруде пайдаланылатын технологияларының тиімділігі; адами капиталдың тиімді пайдаланылуы; сыртқы ортаның және т.б. факторларының әсері. Аталған факторларға қандай да бір дәрежеде әсер ете отырып, кәсіпкерлік құрылымдар қызметінің тиімділігіне ықпал етуге болады. Мәселен, әрдайым осындай әсер АӨК-нің кәсіпкерлік құрылымдарында жеткіліксіз ресурстар шығындарымен байланысты.

Шынында да, бүгінгі күні техникалық паркті жаңарту немесе неғұрлым тиімді технологияны енгізу көп жағдайда кәсіп-

орындарда қаражаттың жоқтығымен шектеледі. Нәтижесінде, агроөнеркәсіп кешенінің кәсіпкерлік құрылымдары қызметінің тиімділігін арттыру мәселесі қайта жарақтандыруға, біліктілігі жоғары қызметкерлерді тартуға немесе ұйым персоналын қайта оқытуға, сондай-ақ өнім өндірудің жаңа технологияларын енгізуге қосымша қаржы ресурстарын іздеуге байланысты екендігі айқын.

Осы ретте, агроөнеркәсіптік кешендегі кәсіпкерліктің дамуы қаржылық қолдау, салық салу, мемлекет пен бизнестің, басқа делдалдық институттардың қызметінің дамымауымен, ірі бизнес құрылымдарымен бірлесіп жұмыс істеуге ынталандырудың аздығына байланысты проблемалар да жеткілікті.

Ірі корпоративті құрылымдар ауқымды өндіріс жағдайында өнімдер мен қызметтердің өзіндік нарықтарын қалыптастырады, материалдық-техникалық базаның дамуын қамтамасыз етеді, экономикалық және қаржылық несие шарттарына қол жеткізеді, нарықтық ортадағы қолайсыз өзгерістерге байланысты қаржылық тұрақтылық пен ұтқырлықты арттырады және шығындарды едәуір төмендетіп, сапасы жоғары өнімдерін шығарады және сол арқылы оның бәсекеге қабілеттілігін арттырады.

ҚР Үкіметі, орталық және жергілікті атқарушы ұйымдар мемлекеттік қолдау жүйесі арқылы кәсіпкерлік шаруашылық жүргізуші субъектілерге заманауи құрал-жабдықтар мен технологияларды алуға, технологиялық парктер, лизинг орталықтары, кіші инновациялық қызмет орталықтары, венчурлік фирмалар және басқа инфрақұрылымдар желісін құруға бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға көмектесуде.

Сонымен қатар, кәсіпкерлікке бизнес-орта талаптарына бейімделуге, аграрлық нарық қатысушыларын ақпараттық қамтамасыз етуге байланысты кедергілерді еңсеруге, капитал мен қазіргі заманғы технологиялар көздеріне қолжетімділікті жеңілдетуге, отандық шағын және орта кәсіпкерліктің мемлекеттік әкімшілік құрылымдармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі шығындарын азайтуға нақты көмек көрсетілуде.


Дереккөзге сүйенсек, 2016 жылдан бастап шағын-орта кәсіпкерлікті несиелендірудің белсенді өсуі байқалады, бірақ аталған көрсеткіш 2018 жылы төмендей бастады. Банктер берген несиенің көлемі 2016-2017 жылдары 2,3 есеге артты, кредиттер көлемі 29%-ға артып, 3 трлн. теңгені құрады (3 сурет), Қазақстан аймақтарының ішінде шағын мегаполиске несие беру бойынша үш мегаполис көш бастап тұр:

Алматы (1,3 трлн.теңге), Астана (374,3 млрд. теңге) және Шымкент (82,1 млрд. теңге). Сонымен қатар, 2018 жылы Алматы мен Астана қалаларында шағын кәсіпкерлікке берілген несиелік көлемі азайды [8].

Алайда, Азия даму банкінің деректері бойынша 2018 жылы ШОК-тің тек 19%-ы

ғана несиелік алған, қалғандары табысты қайта қаржыландырған немесе басқа қаржы көздеріне жүгінген. Оның себебі, көптеген кәсіпорындардың несиелік тарихы бүлінген немесе қажетті құжаттары толық болмай несиелік рәсімдей алмаған.

Кредитование малого бизнеса. Ноябрь | млрд.тг



Расчёты Ranking.kz на основе данных НБ РК

3 сурет – ҚР шағын бизнесті несиелеу көрсеткіші, млрд.тенге

Қазақстанда ауыл шаруашылығы өнімдерінің жартысына жуығын үй шаруашылықтары, шамамен 30%-ын шаруа қожалықтары, ал 20%-дан астамын ауыл шаруашылығы кәсіпорындары өндіреді. Ауыл шаруашылығы өндірісіндегі үй шаруашылығының үлесі айтарлықтай болғанымен, көршілес елдермен салыстырғанда онша байқалмайды. Мысалы, Беларусьта олар 21%-ды құраса, Ресейде 35% құрайды, бұл осы елдердегі ауыл шаруашылығының өнеркәсіптік сипатын көрсетеді. Урбанизация деңгейінде де айырмашылықтар бар: Беларусьта – 77%, Ресейде – 74% және Қазақстанда – 57% [9].

Елдер арасындағы бәсекелестікті дамыту жағдайында шағын кәсіпкерлік нарық конъюнктурасының кез келген өзгерістеріне тез икемделе қоюға, қосымша жұмыс орындарын құруға қабілетті болып келеді. Кәсіпкерлік нарықтық шаруашылық жүргізуші субъектілер арасындағы байланыс тетіктерін бәсекелестік арқылы үйлестіруге мүмкіндік жасайды. Осылайша, шаруашылық жүргізуші субъект ретінде кәсіпкерлік пен экономикалық мінез-құлықтың ерекше шығармашылық түрі экономикалық табысқа жетудің барлық факторларының ажырамас қасиетін құрайды.

Көптеген елдер үшін бүгінгі күні ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұйымдастырудың басты нысаны отбасылық ферма болып табылады, демек, фермер тек өзіне ғана сене алады. Ол ауыл шаруашылығында (бұл көптеген елдердің заңнамасында бекітілген) еңбек етуі үшін, кем дегенде орта білімі болуы шарт, ауыл шаруашылығы өнімдерін өсіру мен қайта өңдеуде заманауи технологиялар мен техниканың тілін білуі және оны дұрыс пайдалануы, есептеу техникасын дұрыс қолдана білуі тиіс [10].

Еліміздің АӨК-нің даму қарқынын тежейтін бірқатар факторлар бар. Қазіргі уақытта қолда бар ауыл шаруашылығы техникасының негізгі санының 70%-дан астамы айтарлықтай тозуда, оған қоса ауыл шаруашылығындағы инфрақұрылымның жай-күйі мәселесі өткір тұр. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірістік процесінің және оның өзіндік құнының қымбаттауына алып келетін жанар-жағармай мен материалдарға бағаның тұрақсыздығы мен өсуі де жағдайды қиындатуда.

Мемлекет өнімнің сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде нақты шаралар қабылдауда. Осы мақсатта "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі

№ 301-III Заңы қабылданды (24.05.2018 жіберілген өзгерістер мен толықтырулармен), ол өндірушілердің өз өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде үлкен жауапкершілік жүктейді.

Сертификаттау және стандарттау бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс шеңберінде отандық өнімді халықаралық нарыққа жылжытуға үлкен мән берілуде, аграрлық саладағы кәсіпкерлер үшін бұл да көмек. Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындары жоқтың қасы. Осыған орай, экономикалық тиімділігі жоғары өндірісі бар өңірлерде қайта өңдеу және өткізу қызметін қамтитын толық қызмет циклі бар ұйымдар құрылуда, ауылдық тауар өндірушілерді кооперативтерге біріктіру ынталандырылуда.

Мемлекеттік реттеу шараларын жүзеге асыру нәтижесінде жердің кадастрлық құны нақтыланды және 600 мың гектардан астам суармалы жерлер айналымға енгізілетін болды, бұл ауыл шаруашылығы өндірісінің тиімділігіне оң әсер етері анық. Мемлекеттік және өңірлік деңгейлерде аграрлық саладағы кәсіпкерлік қызметті дамыту үшін барлық құралдарды пайдалану қажет, олар кәсіпкерлік субъектілерінің нарық жағдайына бейімделуін, олардың тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Тұжырымдар.

1. Агроөнеркәсіптік кешеніндегі шағын және орта кәсіпорындар қызметінің басты ерекшелігі – өндірістік айырмашылығымен, ауа-райы мен климаттық жағдайларға тәуелділігімен және ауыл шаруашылығы нарығының алдын ала болжанбайтындығы. Ауыл шаруашылығы кәсіпкерлігін дамыту – ауыл халқының әл-ауқатын жақсартуға бағытталған ғылым, практика және үкіметтің бірлескен күш-жігерінсіз мүмкін емес.

2. Экономикалық механизм күрделі жүйе болып табылады, ол біздің түсінігімізде шаруашылық механизмнің, ұйымдық-экономикалық қатынастардың нысаны ретінде қарастырылады. Оның мәні – түрлі әдістер мен тетіктердің, оның ішінде бағалық және қаржылық-несиелік тетіктердің, сақтандыру және салық жүйесінің, бюджеттік қолдау мен АӨК инвестицияларының оңтайлы арақатынасын белгілеу болып табылады.

3. АӨК-нің шағын кәсіпкерлік субъектілері әдетте дайын және мол өнім өндіруге жеткілікті мүмкіндіктерге ие, алайда нарыққа қолжетімділіктің болмауы және ауыл шаруашылығы өнімдерінің ерекшеліктері (сақтаудың болмашы мерзімі) бойынша өндірісті кеңейтуден қалыс қалуда. Бұл мәселе кәсіпкерлер өнімді егін жинау кезінде

өткізуге мәжбүр болған кезде – ауыл шаруашылығы өнімдеріне бағаның төмен кезеңі – жергілікті нарықта нақты дақылдың шамадан тыс ұсынылуына байланысты күшейе түсуде. Мұндай жағдайларда дамымаған нарықтық инфрақұрылым өңірдегі ШОКС-нің дамуына кедергі келтіретін қосымша фактор болып табылады.

4. Еліміздегі тарихи қалыптасқан ауыл шаруашылығы өндірісін табиғи-экономикалық аймақтар бойынша орналастыру мен мамандандыруда топырақ-климаттық, әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың әртүрлілігі қазақстандық өңірлердің АӨК даму деңгейлерінің айтарлықтай саралануына себепші болады және ел экономикасының осы маңызды секторының даму стратегиясын әзірлеу кезінде олардың ерекшеліктерін ескеруді талап етеді.

5. Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту стратегиясы бірінші кезекте агроөнеркәсіптік өндірісті жүргізудің тұрақтылығын сақтауға және ауыл шаруашылығы өнімдерімен, шикізатпен және азық-түлікпен қамтамасыз ететін өндірістік әлеуетті ұтымды пайдалану есебінен экономиканың аграрлық саласындағы өніміне төлем қабілеті бар сұранысты неғұрлым толық қанағаттандыруға бағытталуы тиіс. Аграрлық саладағы кәсіпкерлік құрылымдардың ауыл халқының әл-ауқатын арттыруға бағытталған одан әрі тиімді дамуы ғылымның, практиканың және биліктің күш-жігерін шоғырландырмай мүмкін емес.

Список литературы

1 Основные показатели развития предпринимательства в РК за январь 2017г. [Электронный ресурс].-2017- URL: <http://www.zakon.kz/4848069-osnovnye-pokazateli-razvitiya.html> (дата обращения: 09.12.2018).

2 Азиатский банк развития повысил прогноз роста ВВП Казахстана в 2018г. [Электронный ресурс].- 2019. - URL: https://www.inform.kz/ru/aziatskiy-bank-razvitiya-povysil-prognoz-rosta-vvp-kazahstana-v-2019-godu_a3549037 (дата обращения: 22.08.2019).

3 Нардин Д.С., Соломаха С.И. Управление бизнес-процессами в предпринимательских структурах АПК // Молодой ученый. - 2012. - №12. - С. 255-257.

4 Украинцева И.В. Предпринимательская деятельность и ее особенности в сельском хозяйстве. Научно-методический электронный журнал «Концепт». - 2017.- №2 (68).- С. 100-103.

5 ВВП за 2018г. [Электронный ресурс].- 2019. - URL: <http://economy.gov.kz/ru/news/valovoy-vnutrenniy-produkt-za-yanvar-dekabr->

vvp-kazahstana-v-2019-godu_a 3549037 (data obrashhenija: 22.08.2019).

3 Nardin D.S., Solomaha S.I. Upravljenie biznes-processami v predprinimatel'skikh strukturah APK // Molodoj uchenyj. - 2012. - №12. - S. 255-257.

4 Ukraineva I.V. Predprinimatel'skaja dejatel'nost' i ee osobennosti v sel'skom hoz'jajstve. Nauchno-metodicheskij jelektronnyj zhurnal «Koncept».- 2017.-№2 (68).-S. 100-103.

8 Кредитная поддержка малого бизнеса ослабла в РК [Электронный ресурс].-2018-URL: <https://prodengi.kz/lenta/kreditnaya-pod-derzhka-malogo-biznesa-oslabla-v-rk/> (дата обращения: 04.09.2019).

6 Latysheva L.A., Kuz'min K.A. Osobnosti funkcionirovaniya predprinimatel'skikh struktur v APK // APK: jekonomika, upravlenie.- 2014.-№12.- S. 53-58.

7 Analiz rynka sel'skogo hozjajstva v Kazahstane: valovyj produkt, zanjatost' naselenija, proizvodstvennye sistemy, gosprogramma razvitija APK, sel'skohozjajstvennye organizacii [Elektronnyj resurs].-2018-URL: <http://www.marketingcenter.kz/2019/05-10-kazakhstan-selskoe-khoziaistvo.html> (data obra-shhenija: 9.07.2019).

8 Kreditnaja podderzhka malogo biznesa
oslabla v RK [Elektronnyj resurs].-2018-URL:
<https://prodengi.kz/lenta/kreditnaya-podderzhka-malogo-biznesa-oslabla-v-rk/> (data obra-
shhenija: 04.09.2019).

9 Kantureev M.T. Formirovanie i razvitiye konkurentnyh preimushhestv v APK // Vestnik Kyrgyzskogo jekonomicheskogo universiteta im. M. Ryskulbekova.-2017.-N 2 (40).-S. 12-15.

Spisok literatury

2 Azijski bank razvitiya povysil prognoz rosta VVP Kazahstana v 2018g. [Elektronnyj resurs].- 2019. -URL: <https://www.inform.kz /ru/azijskiy-bank-razvitiya-povysil-prognoz-rosta->